

«8D05105 - Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мәлік Ажар Мәлікқызының «Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырактарды биоремедиациялауда деструктор микроорганизмдерді қолдану технологиясын жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Соңғы жылдары қоршаған орта объектілерінің тұрақты органикалық қосылыстармен ластануы және еліміздің көптеген аудандарында пайдалануға жарамсыз ескірген пестицидтердің қоймаларының қараусыз қалуы, қоршаған ортаның экологиясына, атмосфераға, топыраққа және су қоймаларына, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне және адам денсаулығына қауіп төндіруі экологиялық маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Пестицидтердің қауіптілігін мойындағы отырып, 151 мемлекет, соның ішінде Қазақстан да 2001 жылы Стокгольм конвенциясына қол қойды. Бұл келісім халықтың денсаулығын қорғау үшін тоғыз пестицидті (ДДТ, алдрин, диэлдрин, эндрин, хлордан, гептахлор, мирекс, токсаfen және гексахлорбензол) қоса алғанда, 12 тұрақты органикалық қосылыстарды пайдалануға тыым салды. Стокгольм конвенциясымен Қазақстанның ратификациялауы адам денсаулығы мен қоршаған ортаның сапасын қорғау жөніндегі жаһандық мәселені шешу жолындағы қадам болды.

Соңғы онжылдықта хлорорганикалық пестицидтердің адам денсаулығына әсері туралы зерттеулердің өсуі байқалуда. Бұл зерттеулерде кейбір пестицидтердің респираторлық, аллергиялық, канцерогенді ауруларды тудыратыны, эндокриндік жүйелерге, соның ішінде репродуктивті функцияның физиологиялық жұмысына кері әсер ету мүмкіндігі анықталған. Сонымен қатар пестицидтерді қаркынды пайдалану қоршаған ортаның ластану қаупіне және биоалуантурлілікке зиянды әсерді арттыруға әкеледі.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешу үшін қоршаған орта объектілерін тұрақты органикалық ластағыштардан тазартуда биоремедиация процесі тиімді әдіс болып табылады. Дегенмен, бірнеше биологиялық аспектілерге көніл аудару керек, ластанған топыракта микроорганизмдердің биоалуантурлілігінің тұрақсыздығы, өсімдіктер мен микроорганизмдердің симбиозы, микроорганизмдердің тіршілігі үшін қолайлы орта факторларының тұрақтылығын ескеру қажет.

Сондықтан, тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырак – үлгілерінде кездесетін деструктор – микроорганизмдердің морфология – культуралдық, физиологиялық, биохимиялық, генетикалық аспектілерін және тұрақты органикалық қосылыстарды биотрансформациялау механизмдерін зерттеу өзекті болып табылады.

Мәлік Ажар Мәлікқызының диссертациялық жұмысы Алматы облысы, Талгар ауданының елді-мекендерінің тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырак үлгілерінің микробтық алуантурлілігі және деструктор-микроорганизмдердің скринингі, сонымен катар ластанған топырактарды биоремедиациялауда штамм-деструкторлар негізінде консорциум құрастыруға арналған.

Мәлік Ажар Мәлікқызы жұмыста алғаш рет Алматы облысы, Талғар ауданының тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерін Illumina's MiSeq NGS system метагеномды талдау, микробиологиялық зерттеу жүргізіп, микробтық алуантүрлілігінің сандық және сапалық құрамына баға беріп, аборигенді микроорганизмдердің 40 таза дақылдарын бөліп алған. Бөлініп алынған штамдардың морфология – культуралдық, физиология-биохимиялық қасиеттерін зерттеп, түрге дейін идентификациялаған және NCBI дерекқорына тіркеген. Деструктор – штамдарға скрининг жүргізіліп, перспективті штамдардың деструктивті белсенделілігінің механизмдерін зерттеу Түркия мемлекеті, Измит қаласындағы Коджаэли университетінің «Биотехнология» зертханасында шетелдік тағылымнамадан өту уақытында жүргізілген. Перспективті штамдардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенделілігін протеаза, лакказа, каталаза, целлюлаза, дегидрогеназа ферменттері қамтамасыз етедігі көрсетілген. Тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуда эффективтілігін жоғарылату мақсатында деструктор – штамдардың биосәйкестігі негізінде консорциумдар құрастырылды. *Pseudomonas plecoglossicida K2* + *Bacillus aryabhattai K3* консорциумы хлорорганикалық пестицидтерді 69% және *Bacillus pumilus B1* + *Bacillus amyloliquefaciens B2* консорциумы 78% ыдырататындығы көрсетілген.

Модельді тәжірбиелерде *Pseudomonas plecoglossicida K2* + *Bacillus aryabhattai K3* 84%, *Bacillus pumilus B1* + *Bacillus amyloliquefaciens B2* деструктор-штамдар негізіндегі консорциумдардың хлорорганикалық пестицидтерді 86% ыдырататындығы анықталған. Пестицидтермен ластанған топырактарда бидай тұқымдарының өну белсенделілігі моно штамдарда *Bacillus aryabhattai K3* бар нұсқаларда жалпы 67-83% - ға, ал *Pseudomonas plecoglossicida K2* + *Bacillus aryabhattai K3* консорциум штамдары бар нұсқаларда 82 – 88%, *Bacillus pumilus B1* + *Bacillus amyloliquefaciens B2* консорциум нұсқаларында 87 – 94%- ға артқан. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырактарды биоремедиациялауда перспективті штамдар негіздегінде консорциумдар ұсынылды.

Жұмыстың негізгі қағидалары 27 ғылыми еңбекте жарияланған, оның ішінде 2 мақала Scopus халықаралық деректер базасына кіреді (E3S Web of Conferences - 25% (SJR 0.18), Water, Air, and Soil Pollution – 61% (Q2)); ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған республикалық ғылыми журналдарда - 4 мақала; отандық рейтингтік басылымдарда - 3 мақала, конференция материалдарында 1 мақала және 13 тезис. Атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша өнертабысқа Қазақстан Республикасының 2 патенті алынған, сондай-ақ ресми сараптамадан өткен және 2 авторлық куәлік бар.

Диссертациялық жұмыс ИРН BR05236379 Жалпы генетика және цитология институты бағдарламасы барысында «Қолданылмайтын және тыйым салынған пестицидтердің Алматы облысы тұрғындарының генетикалық жағдайы мен денсаулығына әсерін кешенді бағалау: пестицидтер көмілген жерлерге іргелес аумақтың микробтық алуантүрлілігін анықтау, скрининг жүргізу, деструктор - микроорганизмдерді бөліп алу» жобасының аясында орындалды.

Мәлік Ажар Мәлікқызы диссертациялық жұмысын орындау барысында көптеген әдебиеттердегі мәлеметтерге шолу жасап, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін орындау барысында және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде біліктілігі жоғары маман ретінде, зерттеу жұмыстарына мұқияттылық пен ұқыптылық танытып, үлкен жауапкершілікпен орындалған шықты, алынған зерттеу нәтижелерін статистикалық өндей отырып, логикалық жүйелілікпен талдай білді.

Жұмыста алынған ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде диссертацияны жазу мен қол жазбаны рәсімдеу автордың жеке қатысуымен орындалды.

Мәлік Ажар Мәліккүзы «Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырактарды биоремедиациялауда деструктор микроорганизмдерді қолдану технологиясын жасау» тақырыбында жазылған диссертациясының дербестігі айқындалған, жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде орындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін аяқталған жұмыс болып табылады және жұмыстың авторы «8D05105 - Биотехнология» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін (PhD) алуға лайықты деп санаймын.

Отандық ғылыми жетекші,
Биотехнология кафедрасының доценті,
биология ғылмдарының кандидаты


Абдиева Г.Ж.

Қолын растаймын
Подпись заверяю



